

ҚҰРМЕТТІ
ДОСТАР!
ЖАҢА
2025 ЖЫЛ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жаңа жыл – жаңа мүмкін-
діктер мен үміттер, жаңа
арман-мақсаттар мен же-
ңістер жылы. Әрбір жаңа
күн сізге қуаныш, табыс,
бақыт пен сәттілік әкелсін.

Өткен жылда жинаған
тәжірибелеріңіз сізді биік
белестерге жетелесін, ал
жаңа жылда жаңа жетіс-
тіктер мен армандарыңыз-
дың орындалуы болсын!

Сіздерге және отбасы-
ларыңызға денсаулық, аман-
дық, бейбітшілік және жар-
қын болашақ тілеімін. Әрбір
қадамдарыңызда табыс пен
куаныш жосолы серік болсын!
Жаңа жылда әрбір күніңіз
куаныш пен жылы сәттерге
толы болсын!

Көзіңірақты оқырман

«Айғақ» газетінің

Жаңа жылдың қаңтар
саны 2025 жылдың қаңтар
айның 15 күні жарыққа
шығатындығын
хабарлаймыз.

**Жаңа 2025 жыл
баршамызға бақыт пен
молшылық альп келсін!**

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯ БОЛАШАҒЫ ҮШІН МИЛЛИОНДАРДЫ БІРІКТІРДІ

Primeminister.kz сайтының редакциясы еліміздің 2024 жылғы даму қорытындылары туралы жарияланымдар сериясын жалғастырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы сөүір айынан бастап республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды. Іс-шара еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартуға, халықтың экологиялық мәдениеті деңгейін арттыруға және азаматтарды қоршаган ортаны қорғау мәселелеріне тартуға бағытталған. Акция еліміздің барлық өнірін қамтып, тұрақты экологиялық болашақ негізін қалауды.

Экологияны цифрлық қолданау Жобаның ерекше жетістігі – азаматтарға экология саласындағы проблемалар туралы хабарлауда жеңе оларды шешуге қатысуга мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасының құрылуы болды.

Өнірлер арасында Алматы көш бастап түр – 2 014 өтінім. Одан кейінгі орында Астана түр – 1587 өтінім. Ушінші орында Караганды облысы – 757 өтінім.

Чат-бот экологиялық мәселелерді жедел шешуге ықпал ете отырып, азаматтар мен мемлекет арасындағы диалогтың тиімді құралына айналды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

5,83	млн-нан аса АДАМДЫ БІРІКТІРДІ
90	мындан астам ЕРІКТІ ҚАТЫСТИ
ЧАТ-БОТ АРҚЫЛЫ 7,9	мың өтінім келіп түсті
1,1	млн тоннадан аса ҚОҚЫС ЖИНАЛДЫ
1,6	млн-нан астам АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ
482	қалық тексерілді. Экостандартқа қатысты 105 бузушылық аныкталды

Халықтың экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасы

Кол жеткізілген нәтижелерді нығайту және экологиялық сананы ұзақмерзімді перспективада қалыптастыру мақсатында «Халықтың экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл құжат экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындауды.

Тұжырымдаманың басымдықтары –

ның бірі – жастарды экологиялық жобаларға тарту болды. Жыл бойы лекциялар, эко-сағаттар және экологиялық зертханаларға экскурсиялар үйімдастырылды. Осылайша, биыл 90 мындан астам еркіті азамат абаттандыру және көгалдандыру акцияларына қатысты.

Халықтың экологиялық сауатын арттыру мақсатында қалдықтарды қайта өндө, ластану деңгейіне мониторинг жүргізу тақырыптарын жария ету, абаттандыру және эковолонтерлікті дамыту жөнінде конкурстар өткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ Тұжырымдаманың негізгі бағыты – азаматтардың белсенді қатысуына жағдай жасау. Өз тиімділігін дәлелдеген @Taza-QazBot секілді цифрлы платформаларды дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Одан бөлек, экологиялық нормалардың сақталуына және экологиялық стандарттардың енгізілуіне бақылау қүштілуде.

Сонымен қатар келесі жылы тұрақты экологиялық басқару жүйесін құру үшін тұрақтандыру қорларының жұмысын қүштейту көзделген. Аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша ауқымды республикалық акциялар өткізу жоспарланған.

Шолушы.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫ АШЫҚТАҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ — ӨТЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

**ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен
Үкімет отырысында қоғамдық өмірдің барлық саласына жаңа
цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің енгізу
мәселесі қаралды. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар
туралы цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш
өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндағы.**

Цифрлық үкімет кеңесінде Премьер-министрге отандық цифрлық шешімдерді іске асыру барысы көрсетілді. Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев «Әлеуметтік әмбия», «ОТӨ тізілімі», «Онлайн-нотариус» жобаларын, азаматтар өтініштерін жүйелеуге арналған e-Otinish платформасын және басқа да жобаларды таныстыруды.

Олжас Бектенов экономиканың тауландыру үшін цифрлық орта құрудың маңызды екенін баса айтты. Озық елдердің барлығы цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамытуға жаппай инвестиция салып, өз стратегияларын жасауда. Цифрлық технологиялар бізде қазірдің өзінде өнеркәсіп, экология, денсаулық сактау, білім беру, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік және құқықтық қолдау, салық секторы мен бизнес-ортада белсенді қолданылып келеді.

«Мемлекет басшысы мемлекеттік


басқару жүйесіндегі цифрлық трансформация экономика мен қоғамдық өмірдегі өзгерістерге жердем беруге тиіс екенін атап өтті. Нейрондық желілер арқылы біз тәуекелдерді және төтенше жағдайларды болжап, олардың алдын аламыз. Сондай-ақ проактивті түрде әрекет етуге мүмкіндігіміз бар. Цифрлық трансформация кезінде жасанды цифрлық шешімдерді интеграциялау жұмысын жүргізуіміз керек. Бұл жұмыстардың барлығы Жасанды интеллектіні дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Жасанды интеллект туралы жаңа заң аясында жалғасады», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрлігіне өнір өкімдерімен бірге 2025 жылғы мемлекеттік орнадардың қызметкерлерін жасанды интеллект құралдарына оқыту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Фылым және жогары білім министрлігі

жасанды интеллект бойынша білім беру бағдарламалары мен курстарын дайындауды керек.

Жасанды интеллектіні одан әрі дамыту үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі деректер қорынның коллежімілділігі бойынша бірыңғай тәсілдер өзірлеуге ерекше назар аударылды. Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және өкімдіктермен бірлесіп, ақпараттардың дер кезінде беріліп, өзекті әрі дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін деректерді жинау, сактау және қорғау жұмыстарын регламенттей тапсырылды.


Жасанды интеллектіні қолдану бойынша ашық әрі қауіпсіз жағдай жасау мақсатында оны пайдалануды реттейтін заннамалық шаралар мен нормативтік құқықтық актілерді қабылдау керек. Премьер-министр дербес деректерді қорғау, киберқауіпсіздік, жасанды интеллектіні қолдану арқылы қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік мәселесіне баса назар аударды.



Халықтың жасанды интеллект саласындағы жаңалықтардан хабардартылығының төмендігін ескере отырып, Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрлігіне қолданыстағы цифрлық шешімдерді одан әрі жетілдіру және оларды пайдалану туралы жүртшылықты ақпараттандыру міндеті қойылды.

Сонымен қатар Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және өкімдіктермен бірлесіп, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын енгізіп, іске асырып жатқан өндіріс орындар қолдаудың нақты шараларын өзірлеу тапсырылды.

Primeminister.kz



БАЛТАБЕК ТҮЙЕТАЕВ АҚШ-ТЫҢ ТЕХАС УНИВЕРСИТЕТИНДЕ ӨТКЕН БАЙҚАУДА “ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ” АТАНДЫ

Балтабек Түйетаев АҚШ-тың Далластагы Техас университетінде жаңындағы байқауда “ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ” атанды.

Ол бұл куанышты жаңалығын өзінің Facebook парапатында: «АҚШ-тан келген марапат ! “ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ” АТАФЫН АЛДЫМ

Алла Тагаланың бұл да бір маган бүйірткән сыйын шыгар.

“Адамның берген атағынан, Алланың берген абыроны артық “деген өмірлік үстанымынан айнаған емеспін. Өз басым Раббынан, Жаратқан Жалғыз Иемнен АБЫРОЙ мен ДЕНСАУЛЫҚ сұрап, дұға-тілек оқып жүремін.

Бүгін кешкүрим Өзбекстан елінде тұратын ақын, драматург, аудармашы, жыр кітаптары өлемінде бірнеше шет тіліне аударылған Хосият Рустамовадан ағылшынша хабарлама келді.

Хабарлама соңында өзбек тілінде: “Табриклайман !

Муборок булсін! ” - деген шын жүректен құттықтаған тілегін жеткізіпті.

Кейін аударма арқылы АҚШ-тың Далластагы Техас университетінде жаңындағы байқаудан өткен жеңім-паздар тізімін жариялады. Бұл жерде ақын, жазушы, журналист, суретші, аудармашы өр саланың үздіктері бар екен.

Мен осы байқауда “ ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ ” аттына ие болғанымды білдім.

Mundus Artium Press Orpheus Texts Award 2025 жеңімпаздарын жариялады.

Даллас, Техас - 12.01.2024. Даллас-

Journalist of the Year (2024):

Baltabek Tuyetayev,
Kazakhstan

Baltabek Tuyetayev receives the Journalist of the Year award for his fearless and insightful reporting. Tuyetayev's commitment to truth and social justice has elevated journalism as a cornerstone of democracy and public discourse, shining a light on stories that matter most.

«Жыл журналисі» жүлдесін қорық-пайтын және өткір, тапқыр, білгір, сұғыла ақпараттарды таратқаны үшін иеленді. Б.Түйетаевтың ақиқат пен өлеуметтік өділеттілікке деген адалдығы, журналистиканы демократия мен қоғамдық пікірталастың іргетасына айландырып, әлемдегі ең маңызды оқығаларға назар аударғаны үшін берілді.

Әрбір жеңіске жеткен тұлғалар өз саласында ұзақ уақыт майдай тер төгіп, еселі еңбек еткені үшін қатаң іріктеу жағдайы арқылы таңдалды. Олардың жетістіктері Mundus Artium Press веб-сайтында және халықаралық деректер базасында мәнгілікке сақталады, бұл олардың адамзатқа қосқан үлестерінің мәнгілік күелігіне айналды.

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ИНСТИТУТТАРЫМЕН МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ

Түркістан облысы делегациясының Қытай Халық Республикасына жасаган іссапары аясында өнір делегациясы Сиань қаласындағы «Digital Content Industry Research Institute» креативті индустрияны дамыту институтында болды. Оқу орнының басшылығымен кездесіп, жұмысымен танысты. Нәтижесінде, облыстық Цифрландыру, мемлекеттік қызыметтер көрсету және архивтер басқармасы Сиань қаласындағы креативті индустрияны дамыту институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат цифрлық шешімдер мен шығармашылық индустрия саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Институт VR (виртуалды шынайылық) құрылғылары, TikTok сияқты өлеуметтік желілерге арналған бейнероликтерді компьютерлік модельдеу және редакциялау бағдарламалары арқылы шығарады. Құнине 50 000 бейнеролик, жылына 10 миллиард ролик көздің түрдө өзірленуде.

Казіргі таңда орталықта 200 қызыметкер жұмыс істейді, ал 500 оқушы тәжірибеден өтуде. Сонымен қатар, қысқа метражды бейнероликтердің кейіпкерлері ретінде 10 000-нан астам жергілікті тұргын мерзімді жұмыспен қамтылған.

Бұл келісім цифрлық және шығармашылық бағыттардағы халықаралық серіктестікten ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат цифрлық шешімдер мен шығармашылық индустрия саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Шымкент қаласының әкімі Фабит Сыздықбеков шетелдік «Shaanxi Construction Engineering» компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында Шымкентте заманауи қоқыс өндөу кешенін салу туралы меморандумға қол қойылды. Жоба аясында тұрмыстық қалдықтарды өндеп, электр және жылу энергиясын өндіру, сондай-ақ қалған күлден құрылғыс материалдары жасау жоспарланып отыр.

Күжаттарға қол қою биыл Шымкент әкімі Фабит Сыздықбековтың Қытай Халық Республикасына жасаган сапары кезінде, сонымен қатар Сиань қаласындағы Қазақстаның Бас консулдығының қолдауымен жүзеге асты. Жобага шетелдік инвесторлар шамамен 150 миллион

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА КРЕАТИВТІ ХАБ АШЫЛДЫ

Жезқазганда ULYTAU CREATIVE HUB креативті хабының салтанатты ашылуы өтті. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып, жергілікті креативті экономика өкілдерін қолдауга бағытталған.

Мұнда оларға барлық қажетті цифрлық және шығармашылық жағдай жасалған. Ауданы 400 шаршы метр болатын гимарат тақырыптың зертханаларға бөлінген. Атап айтқанда, 3D модельдеу, зергерлік өнер, ұлттық күй, кескіндеме залы, домбыра мен қобyz жасау шеберханалары секілді 13 аймақтан тұрады. Қазіргі уақытта хабта 30 шебер жұмыс істейді. Бұл алаңның мүмкіндітерін көз келген адам пайдалана алады.

Ұлытау облысының креативті орталығы бірыңғай инфрақұрылымы, қолдау және көмек құралдары бар республикалық экожүйенің бір бөлігіне айналады.

ҮЗДІК АТАНҒАН ДӘРІГЕР



Шымкент қалалық жедел жәрдем стансиясының №7 бекет менгерушісі Сәкен Әскербекұлы Ордабеков

үлес қосып келеді. Осы уақыт ішінде 10 мыңдан аса науқасқа шақыртуға шығып, сөтті реанимация жасаған.

«Өз кесібінің үздігі-2024» республикалық конкурсында «Ең үздік жедел жәрдем дәрігер» атанды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Сәкен Әскербекұлын марапаттап, оған ыстық қызыласын білдірді.

Бұл білікті медицина қызыметкери 10 жылдан аса уақыт бойы денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосып келеді. Осы уақыт ішінде 10 мыңдан аса науқасқа шақыртуға шығып, сөтті реанимация жасаған.

ДАРХАН САТЫБАЛДЫ: ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН НЫСАНДАР ҚАЖЕТ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тәрагалығымен өнірде салынатын гимараттар мен жобалардың сөүлеті бойынша кезекті кенес өтті. Сөүллеттік кенеске жаупты басқарма басшылары, қәсіпкерлер мен инвесторлар, сондай-ақ сөүлет және құрылғыс саласының өкілдері қатысты.

«Біз Түркістан қаласында жаңа нысандардың салынуна қарсы емеспіз. Қолдау көрсетіледі, бірақ гимараттардың сөүлеті бойынша талаптар толық сақталуы тиіс. Қөгалданыру мен абаттандыруға ерекше мән берініздер. Қәсіпкерлер нарықтегі зерттең, іске кірісулері көрек. Бізге өзін-өзі ақтайтын және елге қызмет ететін нысандар қажет» – деді Дархан Сатыбалды.

Жыныда Түркістан қаласында автосалон, мектеп, балабаш, диагностикалық орталық ашу туралы ұсыныстар қаралды. Сонымен қатар, Сауран қалашығына жақын жерде жүк көліктеріне қызмет көрсету орталығын, қонақ үй салу мәселелеріде талқыланылды. Филармонияға өзін-өзі қызмет көрсету орталығын, қонақ үй салу мәселелеріде талқыланылды. Жобага шетелдік инвесторлар, шығармашылық салындардың өнірінде қызмет көрсету орталыққа алушылардың қаралып, жобалар қаралды.

ШЫМКЕНТЕ ҚОҚЫС ӨҢДЕУ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

АҚШ долларын салуға дайын. Кешен іске қосылғаннан кейін 70 жаңа жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар, жыл сайын 365 мың тонна тұрмыстық қалдықтарды өндеп, шамамен 147 миллион кВт*сағат электр энергиясы өндірілмек.

Кездесуде қала әкімі экология және санитарлық қауіпсіздік мәселелерінін кез келген мегаполис үшін маңызды екенін атап өтті. Қазіргі таңда Шымкентте күн сайын 700 тоннадан астам тұрмыстық қалдық полигонға шығарылып жатыр, сондықтан қалада озық технологиялық қоқыс өндеу зауытының қажеттілігі туындалап отыр.

Жобаның ерекшелігі — кешен тұрмыстық қалдықтарды электр энергиясына айналдыратын негізгі станцияны, түтін газдарын жағу және тазалай қалдықтарды өндеп, шамамен 147 миллион кВт*сағат электр энергиясы өндірілмек.

Жоба қоршаган ортага зиян тигізбейді, себебі қоқысты жағу барысында түзілген газдар көпсатылып жетсе тазалай процесінен өтеді. Бұл зауыт қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешіп, Шымкенттің экожүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы күні – 10 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметкерлері күні – 1 ақпан
3. Ұлттық басылым күні – 2 ақпан
4. Жерге орналастыру, геодезия және картография күні – наурыздың екінші сенбісі
5. Геолог күні – сәуірдің бірінші жекенесі
6. Ғылым қызметкерлері күні – 12 сәуір
7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күні – 21 сәуір
8. Байланыс қызметкерлері күні – 17 мамыр
9. Мәдениет және өнер қызметкерлері күні – 21 мамыр
10. Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні – мамырдың соңғы жекенесі
11. Эколог күні – 5 маусым
12. Монополияға қарсы орган қызметкерлері күні – 7 маусым
13. Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттарға бөлімшелері әскери қызметшісінің және қызметкерінің күні – 9 маусым
14. Полиция күні – 23 маусым
15. Мемлекеттік қызметші күні – 23 маусым
16. Судья және сот қызметкері күні – 24 маусым
17. Женіл өнеркәсіп қызметкерлері күні – маусымның екінші жекенесі
18. Малышылар күні – маусымның екінші жекенесі
19. Медицина қызметкері күні – маусымның үшінші жекенесі
20. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні – 28 маусым
21. Дипломатиялық қызмет күні – 2 шілде
22. Су шаруашылығы қызметкерлері күні – 9 шілде
23. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының күні – 13 шілде
24. Нотариат күні – 14 шілде
25. Балық шаруашылығы қызметкерлері күні – шілденің екінші жекенесі
26. Металлург күні – шілденің үшінші жекенесі
27. Сауда қызметкерлері күні – шілденің төртінші жекенесі
28. Қолік қызметкерлері күні – тамыздың бірінші жекенесі
29. Құрылыштық күні – тамыздың екінші жекенесі
30. Шекарашибар күні – 18 тамыз
31. Шахтер күні – тамыздың соңғы жекенесі
32. Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні – қыркүйектің бірінші жекенесі
33. Атом саласы қызметкерлері күні – 28 қыркүйек
34. Әділет органдары қызметкерлері күні – 30 қыркүйек
35. Машина жасаушы күні – қыркүйектің соңғы жекенесі
36. Радио күні – 1 қазан
37. Мұғалім күні – 5 қазан
38. Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлері күні – 6 қазан
39. Қазақстан кәсіптік одақтарының күні – 10 қазан
40. Құтқарушы күні – 19 қазан
41. Орман шаруашылығы қызметкері күні – казандың үшінші жекенесі
42. Кітапханашы күні – 24 қазан
43. Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні – казандың соңғы жекенесі
44. Құзет үйымдарының қызметкерлері күні – 29 қазан
45. Сыртқы барлау күні – 5 қараша
46. Статистика күні – 8 қараша
47. Бұргылаушы күні – қарашаның үшінші сенбісі
48. Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күні – 10 қараша
49. Ұлттық валюта – теңге күні, Қазақстан Республикасының қаржы саласы қызметкерлерінің көсібі мерекесі – 15 қараша
50. Ауыл шаруашылығы, тамақ және өндөу өнеркәсібі қызметкерлері күні – қарашаның үшінші жекенесі
51. Адвокатура күні – 5 желтоқсан
52. Прокуратура күні – 6 желтоқсан
53. Энергетик күні – желтоқсанның үшінші жекенесі
54. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдшерлік қызметі күні – 20 желтоқсан
55. Архивші күні – 22 желтоқсан.

ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ҰЛҒАЯДЫ

АӘК

2025 жылдан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіш 6,5 пайызга ұлғайып, 3932 теңге, ал ең төмен күнкөріс деңгейі 46 228 теңге болады.

ЖӘРДЕМАҚЫ

2025 жылдың басынан бастап балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылардың барлық мөлшері 6,5 пайызға арттырылатын болады.

Әлеуметтік кодекске сәйкес балалары бар отбасыларға республикалық бюджет қаржатынан мынадай жәрдемақылар тағайындалады:

1) баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері мынадай болады:

1-ші, 2-ші, 3-ші бала туылган кезде – 149 416 теңге (38 АЕК);

4 және одан көп бала туган кезде – 247 716 теңге (63 АЕК).

2) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасауға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (жұмыс істемейтін әйелдер үшін):

бірінші балага – 22 649 теңге (5,76 АЕК);

екінші балага – 26 777 теңге (6,81 АЕК);

үшінші балага – 30 867 теңге (7,85 АЕК);

төртінші және одан да көп балага – 34 995 теңге (8,90 АЕК).

3) төрт және одан да көп бірге тұратын көмелетке толмаган балалары бар, оның ішінде жалпы орта, орта білімнен кейінгі немесе жогары білім алғатын балалары бар көпбалалы отбасыларға олар 18 жасқа толғаннан кейін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы. Жәрдемақы мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты белгіленеді:

4 баласы бар отбасыларға – 63 030 теңге (16,03 АЕК);

5 баласы бар отбасыларға – 78 798 теңге (20,04 АЕК);

6 баласы бар отбасыларға – 94 565 теңге (24,05 АЕК);

7 баласы бар отбасыларға – 110 332 теңге (28,06 АЕК);

8 және одан көп баласы бар отбасыларға – әр балага 15 728 теңден (4 АЕК).

4) «Алтын алқа», «Құміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атагын алған және I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы:

«Алтын алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атагын алған және I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандарға – 29 097 теңге (7,4 АЕК);

«Құміс алқа» алқаларымен марапатталғандарға – 25 165 теңге (6,4 АЕК).

5) мүгедек баланы төрбиелеп отырган анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқор-

шыға ол 18 жасқа толғанға дейін тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы 74 428 теңге мөлшерінде төленеді.

Жоғарыда аталған жәрдемақылармен қатар 2025 жылы республикалық бюджеттен де көтерілетін болады:

1) жасына және еңбек сінірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдері (ынтымақты зейнетақы) – инфляциядан 2 пайызға озып, 8,5 пайызға (6,5+2).

Еңбек министрлігінде ынтымақты зейнетақы мөлшерін қолайлы деңгейде ұстап түру үшін олардың мөлшері жыл сайын инфляция деңгейінен екі пайызға озып, индекс-төлемін айтты. Нәтижесінде зейнетақы мөлшері мынадай болады:

ең төменгі мөлшері – 62 771 теңге; ең жогары мөлшері – 162 195 теңге.

2) базалық зейнетақы төлемі 6,5 пайызға (еңбек етіліне байланысты ең төменгі күнкөріс деңгейінің тоғтен 110 пайызға дейінгі мөлшерін күрайды):

ең төменгі мөлшері – 32 360 теңге; ең жогары мөлшері – 50 851 теңге.

Базалық және ынтымақты төлемдерді ескере отырып зейнетақының жалпы мөлшері:

зейнетақының ең төменгі мөлшері – 95 131 теңге;

зейнетақының ең жогары мөлшері – 213 046 теңге.

3) №1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақы (жерасты және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары аса зиянды және аса ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда жұмыс істеген адамдар үшін) – 6,5 пайызға. Төлемдер мөлшері мынадай болады:

№1 Тізім бойынша – 37 040 теңге (9,42 АЕК);

№2 Тізім бойынша – 32 951 теңге (8,38 АЕК).

4) Жерлеуге арналған жәрдемақы – 6,5 пайызға. Жәрдемақы мөлшері:

Ұлы Отан соғысының мүгедектіре және қатысушыларына – 142 912 теңге (36,6 АЕК);

Зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушыларға (мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша) және №1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды алушыларға – 137 620 теңге (35 АЕК).

5) Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы (зейнеткерлік жасақта толғанға дейін, 55 жастан бастап, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін) – 6,5 пайызға. Жәрдемақы мөлшері 92 456 теңдені күрайды.

6) I топтагы мүгедек адамға күтім жасауды жүзеге асыратын адамға мемлекеттік жәрдемақы – 6,5 пайызға. Жәрдемақы мөлшері 74 428 теңдені күрайды.

7) Арнаулы мемлекеттік жәрдем-



акының мөлшері де 6,5 пайызға артады:

ҮОС мүгедектігі бар адамдарға – 62 912 теңге (16 АЕК);

ҮОС қатысушыларына – 62 912 теңге (16 АЕК);

ҮОС мүгедектігі бар адамдарға тенестірліген адамдарға – 29 687 теңге (7,55 АЕК);

ҮОС қатысушыларына тенестірліген тұлғаларға – 24 340 теңге (6,19 АЕК);

ҮОС-да қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне – 17 616 теңге (4,48 АЕК);

ҮОС мүгедектігі бар қайтыс болған адамдардың әйелдеріне (күйеулеріне) – 10 066 теңге (2,56 АЕК);

Социалистік Еңбек, Қеңес Одағының батырларына, ҮОС қатысушылары арасынан шыққан Социалистік Еңбек батырларына, Қеңес Одағының батырларына, «Қазақстанның гарышкерушкышы» – 545 094 теңге (138,63 АЕК);

«Халық Қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атагына ие болған адамдарға – 545 094 теңге (138,63 АЕК);

қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің отбасыларына – 18 048 теңге (4,59 АЕК);

ҮОС жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне (38 963 адам) – 8 376 теңге (2,13 АЕК);

Жылан жылы - қытай құнтізбесі бойынша 2025 жылдың 17 ақпанында басталып, 2026 жылдың 6 ақпанына дейін жап-фасады. Бұл жылы адамдар үшін ерекше жыл болады, өйткені жылан – астрологияда ерекше символикалық мағынаға ие. Бұл жылы тыныштық, терең ойлану, стратегия құру, және сабырлылық, маңызды болады.

Жылан жылының сипаттамалары:

1. Жылан – даналық, жұмбақтылық және сабырлықтың символы. Бұл жылда адамдар терең ойлануға, ішкі түсіктегін тыңдауға, және шынайы мақсаттарына жету үшін үқыпты қадамдар жасауга бейім болады. Жылан сабырлы, ақылды және айлакер сипатымен танымал, сондайқтан бұл жыл жаңа мұмкіндіктерді іздеуге, болашаққа ұзақ мерзімді жоспарлар құруға жақсы уақыт.

2. Табандылық пен шыдамдылық. Жылан жылында адамдар көбінесе нақты мақсаттарға жету үшін уақыт пен күш жұмсаиды. Жылан адамды асықпауга, тек өзіне сенуге және өзін дамытуға үйретеді.

3. Жылан және махаббат. Жылан жылы өдетте эмоционалды тұрғыдан бай, бірақ өзара сенім мен түсіністікі талап ететін кезең болып табылады. Бұл жылы адамдар қарым-қатынаста сабырлы әрі мүқият болуга, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге тырысады.

4. Құпиялар мен айлакерлік. Жылан жылы шынайы ниеттер мен мақсаттарға жетуде астарлы ойлар мен стратегиялар маңызды рөл атқаруы мүмкін. Бұл жылда кейбір адамдар өздері үшін жаңа құпиялар ашып, көбірек ішкі тыныштық пен түсінікке ие болуы мүмкін.

5. Бизнес және қаржы. Жылан жылы бизнесте және қаржы саласында табысқа жетудің мүмкіндігі артады, бірақ бұл үшін ұзақ мерзімді жоспарлау, тұрақтылық және мүқият ойласылышын шешімдер қажет.

Жылан жылының түстері мен элементтері:

Жылан жылының негізгі түсі жасыл немесе қою жасыл, сондай-ақ қара түс болып табылады. Бұл түстер тыныштықты, байлықты және өсүді

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ЖЫЛ?



білдіреді. Сонымен қатар, су және от элементтері де маңызды рөл атқарады, олар энергияның жоғары деңгейін және табысқа жетудің қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы, 2025 жыл – Жылан жылы жеке және көсібі өмірде тұрақтылықты, сабырлықты және терең ойлануды талап ететін кезең болады.

2025 ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛУ КЕРЕК?

2025 жылға аяқ басатын уақытта таяп қалды, ал Жаңа жылды тойлау өрқашан ерекше дайындық пен көңіл-күйді талап етеді. Бұл күнді тек жақындармен бірге өткізу гана емес, сонымен қатар ерекше атмосфера мен жақсы дәстүрлермен қарсы алу маңызды. Жаңа жылды қалай қарсы алу керек? Қандай түстер сөнді? Дастирхан қандай болу керек? Бұл сұрақтарға жауап ізделеп көрейік.

1. ЖАА ЖЫЛДЫҚ ҚӨЛ КҮЙ?

Жаңа жылды қарсы алу – бұл тек бір күндік мейрам емес, ол жылдың ең басты мерекелерінің бірі, сол себепті оны ерекше етіп өткізуге тырысыңыз.

• Үй ішіндегі атмосфера: Үйінде ыңғайлай және жылы атмосфера жасаңыз. Жаңа жылдық декор, шырша, жақырттар мен жарқын гирляндадар мереке көңіл-күйін қалыптастырады. Биылғы жылы шырша өсемдігін арттыратын арнайы стильдер мен түстер туралы ойланған жән.

• Тақырыптық кештер: Жаңа жылды белгілі бір тақырыпқа арнал тойлауга болады. Мысалы, «Сиқырлы орман», «Винтаждық Жаңа жыл» немесе «Кино кейіпкерлері» сияқты тақырыптар кештің атмосферасын ерекше етіп жасай алады.

• Костюмдер мен аксессуарлар: Жаңа жылда өзіңізді ерекше сезіну үшін киімдеріңізді алдың-ала таңдал қойыңыз.

цыз. Биыл сөнде алтын, күміс, қола түстері мен жылтыр маталар. Бұл тек киімдерге гана емес, аксессуарлар мен өшекейлерге де қатысты.

2. ҚАНДАЙ ТҮСТЕР СӨНДЕ?

2025 жылдың Жаңа жылдының символы – Қою көк және Ақ түстер болып табылады. Бұл

түстер жылдың негізгі сипатын билдіреді: тыныштық, жаңа мүмкіндіктерге ашықтық және жаратылыстың тазалығы. Сонымен қатар, жылы әрі жылы түстер де сөнде болады, олар:

- Алтын және күміс: Жылдың басты түстері – бұл сөнді және керемет түс үйлесімдері. Әсіресе, алтын реңктері байлық пен сәттілік өкеледі деп есептеледі.

- Қызыл және жасыл: Классикалық Жаңа жылдық түстер. Бұл түстер Жаңа жылдың дәстүрлі және қуанышты атмосферасын жасайды.

- Ақ және күміс: Ақ түс – тазалық пен жаңаудардың символы. Күміс – үйлесім мен гармонияны білдіреді.

- Қою көк және сирень: 2025 жылдың символы – сирень: Олар қазіргі заманауи сәнге сай, тыныштық пен үйлесімділікті білдіреді.

3. ДАСТАРХАНДЫ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК?

Жаңа жылдық дастирхан – бұл тек таңақ қана емес, барлық қонақтардың қызықтырып, көңіл күйін көтеретін басты белік. Дастирханның көптүрлілігі, сөнділігі және дәстүрлерге сай болуы маңызды.

Дастирханның безендірілуі:

- Жаңа жылдық үстелдің ортасы: Үстелдің ортасын өсем шырақтармен немесе ғулдермен безендіру үсінілады. Сондай-ақ, жылқының немесе басқа да символдық заттардың миниатюраларын қоюға болады.

- Түстің үйлесімділігі: Егер жылан жылы болса, дастирханга алтын, күміс, ақ және қызыл түстерін таңдаңыз. Бұл жылдың басты түстердің үйлесімі дастирханга өсерлі және сөнді көрініс береді.

Жаңа жылдық тағамдар:

1. Классикалық салаттар: Біздің дәстүрімізге сай, дастирханнан “Оли-

4

вье”, “Мимоза” немесе “Сельдь под шубой” сияқты салаттар міндетті түрде табылуы керек. Бірақ оларды жаңаудың түрінде де дайындауга болады – ингредиенттердің аздағын езгертіп, жаңа дәмдер қосуға болады.

2. Жаңа жылдың түстері: Ет – Жаңа жылдың дастарханның негізгі болалықтары: Қой немесе тауық, етінен дайындалған стейктер, сондай-ақ үй қазынан жасалған тағамдар дастирханың дәмді етеді.

3. Балық және тәніз тағамдары: Балық, мидия, аспашаңдар мен сазан – бұл жаңа жылдың мөреке үшін етінен дайындалған тағамдар дастирханың дәмді етеді.

4. Десерттер: Жаңа жылда тәттілерде маңызды. Жаңаудар мен мейіздер қосылған балмен дайындалған тәттілер, торттар, Пудинг немесе кекстер – дастарханның төрінен орын алатын десерттер.

5. Сусындар: Түрлі коктейльдер мен шырындар мерекенің дәмін толықтырады. Сонымен қатар, жыл басын символдауда арналған қымыз, шұбат немесе дәстүрлі компот сияқты табиги сусындар да таптырмас ас мәзіріне жататын болады.

Дастирханның безендірілуі:

- Көуап, құырдақ, ет тағамдары мен көкөністердің өдемі түрде, тәрелкелерге қойып, түрлі майонездер мен соустармен қосыңыз.

- Жаңа жылдың торттардың өдемі безендіріп, үстіне түрлі түсті жемістер мен жаңаудардың қойыңыз.

4. ЖАА ЖЫЛҒА ҚАРСЫ ҚӨЛДІ СӘТТЕР:

- Шыршаны безендіру: Жаңа жылда шырша басты өрділік атқарады. Оны мүмкіндігінше өртүрлі өшекейлермен безендіріңіз. Жаңа жылдың түстер мен тақырыптарға сай арналған шырша ойыншықтарын таңдалап, түрлі түсті шамдармен жаңыңызға жылулық пен қуаныш сыйланыңыз.

- Көңілді ойындар: Дастирмен немесе отбасы мүшелерімен бірге түрлі ойындар үйде жасалыңыз. Бұл – Жаңа жылдың кештің көңілді өрі есте қаларлық ету үшін етінен дайындаудың өдемі.

Жаңа жылды осындағы ерекше тәсілдермен қарсы алу сізге жаңа мүмкіндіктер мен сәттілік өкелсін!

ЫРЫМ-ТЫЙЫМНЫҢ ЖАҢА ЖЫЛҒА ҚАТЫСЫ

Жаңа жыл қарсаңында әркім жақсылық құтіп, тілек тілейтіні-табиғи құбылыс. «Жақсы тілек-жарым ырысы» дегенді есте үстап, оның орындаударына да бек сенімді болады.

Бұл тұрғыда халық арасындағанда наным бойынша бірнеше ырым-тыйымдарға көңіл белсек артық болмас. Ырым-тыйымта сенетін болсаңыз, жаңа жылда қандай дүниелерге тыйым салынатаңын білгенінціз артық болмас.

*Жаңа жылды қарызбен немесе ақшасыз қарсы алуға болмайды.

*Жаңа жыл жақындағанда және жаңа жыл басталған уақытта еңбектенуге болмайды. (Кір, ыдыс жумаган дұрыс)

*Жаңа жыл түнінде қоқыс тәкпеңіз.

*Тазаланбаган үйде жаңа жыл тойламайды.

*Ол күн түйме қадауга болмайды екен.

*31 желтоқсан мен 1 қаңтар күні аяқ киім сатып алуға немесе жөндөтүгө болмайды.

*Ұрысуга, ренжисуге болмайды.

*Жаңа жылды жалғыз қарсы алмайды.

*Жаңа жыл күні үстелдің үсті бос болмасын.

*Тамақ дайындау кезінде саусағызызды жарақтап алмауга тырысыңыз!

*Ідис-аяқты сыйндырып алмау керек.

*Ештене лактыруга болмайды.

*Түреуіш қадамағының дұрыс.

*Ол күні шаш қидыруга, тырнақ алуға болмайды.

*Жаңа жыл түнінде шашызызды жумаңыз.

*Жаңа жылды ескі киіммен қарсы алмаган абзал.

*Кара түсті киім кимеген жөн.

*Мерекеге орай кітап сыйламаңыздар.

*Үстелдің басында айқайладап ән айтпаңыздар.

*Тілеген тілектеріңізді ешкімге айтпағаныңыз жөн.

*Жаңа жылды тойлап болған соң, шыршаны бірден жинап тастамаңыздар.

*Өткен жылға өкінуге болмайды.

*Жақындарызызды сүйіп сәлемдесіңіз.



Жылан жылы – бұл жан-жақты, терең ойлануға, ақылмен әрекет етуге, сабырлылық пен тереңдік-ті талап ететін кезең. Жыланның та-бигатына сәйкес, сөнде де стиль мен қарапайымдылықтың, сонымен қатар, айқындық пен ерекшеліктің үйлесімі маңызды болады.

ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ СӘНІ: 2025 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ТРЕНДТЕР БОЛАДЫ?

2025 жылы сөнде не болады? Қандай түстер, материалдар мен стильдер танымағ болатыны туралы қарастырайық.

1. Түстер:

«Pantone Түс институты» түс пен оның адамға өсерін зерттейтін үйім. Жыл сайын Pantone сарапшылары зерттеу жүргізіп, жылдың негізгі түстері мен реңктерін тандайды. Өлемнің жетекші сөн үйлері де соларды басшылықта алады.

Pantone Түстер Институтының сарапшылары 2025 жылы өзекті болатын ең жақсы 5 маусымаралық реңктерді дайындағы. Олар Нью-Йорк сөн апталығының басында подиум трендтерін болжаған кезде ұсынылды. Kursiv Life-Style Pantone ұсынган жаңа реңктерді зерттеді.

«Бұл класикалық және сөнді бейтаралтар сіздің гардеробыңызға жайлалық пен женелдік әкеледі», - делінген Түс институтының мәлімдемесінде.

Сарапшылардың пікірінше, 2025 жылы қара көк түсті «Eclipse» (Eclipse) көлеңкесіне назар аударған жән. Бұл көптеген маусымдық трендтермен жақсы үйлеседі.

Гардеробтагы екінші маңызды реңк-антикварлық ақ. Оның көмегімен сіз өзініздің кәдімгі кескініңге минимализмді ұстана отырып, жаңа интерпретация бере алатыныңызға сарапшылар сенімді. Pantone сарапшылары сонымен қатар «Күшті, тартымды және практикалық» «Рум Расин» қоңыр реңкін ұсынады.

«Босансыған талғампаздық» көрініс үшін Moonbeam, бозғылт сұр реңкі қолданып көрініп. Бұл «уақытсыз» және сіздің көрінісінізге ерекше сүйкімділік қосады, дейді Түс институтының мамандары.

2025 жылға арналған маусымдық емес реңктердің тізімін басы Көк гранит болып табылады. Сарапшылардың пікірінше, бұл ең берік көлеңке. Оны қазірдің өзінде көптеген сөн блогерлері таңдағы және британдық Oasis рок-тобының көптен күткен оралуы осы реңктің футболкаларын қамтитын брендтік саудамен бірге жүреді.

Ең бастысы, трендтер келеді және кетеді, бірақ сіздің жеке стиліңіз ескірмейді. Өз гардеробыңызды трендтеніз және тәжірибе жасаудан қорықпаңыз.

Сонымен қатар, қызыл, қола және алтын сияқты жылы, құнды түстер де сөнде. Осы жылы сөн әлемінде табигаттың тыныштығы мен тереңдігін бейнелейтін түстердің жиңіз көздестіруға болады.

• Су жасыл: Табигаттың, өсідің және жанарудың түсі. Бұл түс сабырлылық пен үйлесімділік сыйлайды, сондай-ақ адамның ішкі дүниесіне тыныштық әкеледі. Жасыл түрлі реңктері, өсіресе қою жасыл мен ағаш реңктері сөнде ерекше танымал болады.

• Ұмырттың көк түс – стильді, элеганттың және кез-келген жағдайда үйлесімді. Жыланның жылдығында бұл түс өмбебаптықтың символы ретінде маңызды орын алады. Ол сөнде класикалық әрі өсерлі болып қала береді.

• Алтын, күміс, қола: Бұл түс пен металдың реңктері Жыланның айла-керлігі мен байлықтың белгісі болып табылады. Олар сөнде жылтыр өшекейлер, аксессуарлар мен күйдерде көрініс табады.

• Құнбағыс реңкі сары және күнбатқандагы алқызыл маржан түстер: Бұл жылы да оптимизм мен энергияны бейнелейтін қызыл және сары түстеріне назар аудару керек.

Жылан жылы – бұл жан-жақты, терең ойлануға, ақылмен әрекет етуге, сабырлылық пен тереңдік-ті талап ететін кезең. Жыланның

та-бигатына сәйкес, сөнде де стиль мен қарапайымдылықтың, сонымен қатар, айқындық пен ерекшеліктің үйлесімі маңызды болады.

XXI ФАСЫР

НУМЕРОЛОГИЯ БОЙЫНША НЕ КҮТУГЕ БОЛАДЫ?



Нумерология – бұл сандар мен олардың энергетикалық ықпалын зерттейтін ілім, ал әрбір жылдың саны оның негізгі ерекшеліктері мен оқиғаларын болжауга көмектеседі.

2025 жылы нумерология тұрғысынан не күтүге болады?

1. 2025 жылдың негізгі саны: 2025 жылың қосу арқылы негізгі санды есептеу үшін оның цифрларын жинаймыз:

$2 + 0 + 2 + 5 = 9$
Бұл жыл 9 санына сәйкес келеді, ал 9 – рухани даму, толықтық пен аяқталудың символы.

2. 2025 жылдың жалпы энергетикасы:

9 саны – бұл өзгерістер, аяқталу, өткенді сараптап, жаңа кезеңге өту үақыты. Бұл жыл аяқталу мен жаңа бастамалар арасындағы тепе-тәндікті сақтай отырып, өткеннің сабагын үйренуге шақырады. Бұл жыл адамның ішкі дүниесіне, рухани ізденістеріне, мақсаттарына назар аударуга ықпал етеді.

Негізгі аспектілер:

• Рухани даму: 2025 жыл – терең өзін-өзі тануға, рухани ізденіске, жаңа білім мен тәлім алу кезеңі. Бұл үақыт өзінің ішкі әлемін түсініп, өзгерістерге дайын болуды талап етеді.

